

БАСПАҚОЖЕ  
жазылу

222



ASTANA  
AQSHAMY

АСТАНА



## Халықтың Дәuletі



**Біле білсек, әр ұлттың сүйкімді ұлдары болады. Үлкені де, кішісі де оның есімін жақсы біледі, құрметпен атап жүреді. Біздің қазақтағы осындай азаматтың бірі – Дәulet Тұрлыханов болса керек.**

### **ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰЛЫ**

Дәulet Тұрлыханов – көпбалалы үйдің баласы. Әкесі мен анасы мектептің мұғалімі болды. Болат Тұрлыханұлы дene шынықтыру пәнінен сабак беретін әрі күрестен жаттықтырушы болатын, ал анасы Мәрзия Айтпайқызы физика-математик пәнінен бала оқытты. Арғы атасы Қасен қажы тар заманда қажылық парызын өтеген, ел-жүргіттың қамын ойлаған ақылгөй кісі болса, оның ұлы Тұрлыхан да тегіне тартып ер жеткен. Әкесінің пәрменімен орысша-парсыша сауатын ашқан, жоғары білім алған. Аудандық білім басқармасын басқарған. Білім саласында еңбек ете жүріп-ақ қаламгерлік қабілетін де ашқан. Бірнеше кітап жазып, Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданған. Затаевичке бірнеше қазақ әндерін жазып берген. Алайда ұлтжанды азаматтың белсенділігін Қызыл өкімет көре алмай, 1937 жылы «халық жауы» қатарына жатқызып, жеті жылға Сібір түрмесіне қамалған. Кейіннен атасы ақталды. Дәulet Тұрлыханов ФСБ-дан рұқсат алып, ГУЛАГ архивінде болып бүкіл құжаттың көшірмесін алады. Нижний Тагиль даласында жатқан атасының басына құлпытас қояды. Осылайша, ол тектінің тұяғы екенін дәлелдеді.

Әкесі Тұрлыханның мейірімін көре алмай өскен Болат ширақ болып өседі. Қатарынан қалмай оқып, спортпен шұғылданып ер жетеді. Еркін күрестен бірқатар жарыстарда топ жарады. Жүрек қалауымен қосылған жан жары Мәрзиямен шаңырақ көтергеннен кейін Георгиевка ауылына оралып, екеуі де мектептен еңбек жолдарын бастайды.

Құдайдың құдіретінде шек болмайды еken, жас мұғалімдер отбасынан 10 бала өрбіді. Сегіз ұлдің ортасында қызғалдақтай болып екі қыз өсті. 1976 жылы Дәulet үшін күтпеген жағдай орын алды. Эрі әкесі, әрі бапкері Bolat Тұрлыханұлы алтыншы сынныпты енді бітірген Dәuletті Алматыдағы Қажымұқан атындағы спорт мектеп-интернатына апаратын болып шешті. Бұл кезде Dәulet еркін күресті біршама игеріп, аудандық және облыстық жарыстарда жүлдегер де болып үлгерген еді. Сол оқиғаны Dәuletтің өзі былай еске түсіреді: «Бұл әңгімені естіген анам «Болат пен Мәрзия он баласын асырай алмай интернатқа беріп жатыр еken деп ел сөз қылады ғой» деп әкемнің шешіміне қарсылық та білдіргені есімде. Бірақ әкем, «қабілеті бар баланы қалай ұстаймын, ауылдан өсе алмайды, астанаға барса мүмкін бағы ашылады» деген өз шешімінен қайтпады. Сөйтіп мен мектеп-интернаттан біr-ақ шықтым. Алайда мұнда еркін күрес секциясы болмай, классикалық күреске баруыма тұра келді».

Міне, Dәulet Тұрлыхановтың күрес әлеміне, үлкен спортқа деген жолы осылайша басталған еді. Интернатта өткізген үш жылда оқушылар арасындағы KCPO чемпионатында жүлдегер, екі рет Бүкілодақтық спорт мектеп-интернаттары арасындағы біріншіліктегі чемпион атанады. Оныншы сынныпта тұңғыш рет «Динамо» спорт қоғамының чемпионатында жеңімпаз атанып, «KCPO спорт шебері» нормативін орындаиды.

## **ДАРЫНДЫ БАЛУАННЫҢ Даңқты ЖОЛЫ**

XX ғасырда классикалық, яғни грек-рим күресінен қатарынан үш Олимпиада ойындарына қатысып жүлде алған, әлем чемпионатында, Әлем кубогы бәсекесінде екі мәрте жеңімпаз атанған, Еуропа мен Азияның біріншіліктерінде, Азия ойындарында жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілген, KCPO чемпионаттарында қатарынан жеті рет чемпион атанған қазақ балуанының спорттық жолы әсте тақтайдай тегіс болды деуге болмайды. Осынша жеңіске жету, Кеңес одағы мен тәуелсіз Қазақстанның мерейін қатар көтеру орасан еңбектің, қайсар мінездің жемісі дегеніміз дұрыс болар.

Біле білсек, ол кезде KCPO чемпионатын үту деген әлем чемпионатын үтүмен деңгейлес қаралатын. Өйткені Одақтағы 15 республиканың арасындағы бәсекені жеңу дегеніңіз бақтың жанғаны есептелетін. Демек, KCPO құрамасына қабылданып, алып державаның атынан додаға түсудің өзі үлкен жетістікке бағаланатын. Ал біздің Dәulet болса, сол KCPO чемпионаттарын жеті рет қатарынан үтып алған Одақтағы жалғыз балуан болды. Осында деректерге көз жеткізгенде, қазақтың қаны да, жаны да күрескөр екенін мойында масқа шараң жоқ.

Dәulet 1986 жылғы ел чемпионатының финалында әлемнің екі дүркін чемпионы болып үлгерген Кудрявцевті 16:1 есебімен тізе бүктіргендеге, спорт мамандары Одақ көлемінде тағы біr талантты балуаның пайда болғанын айта бастады. Келесі жылды да Dәulet көш басынан көрінді. Арасында Әлем кубогын да қанжығасына байлаپ үлгерген. Ал 1988 жылғы KCPO чемпионаты нағыз «жан алысып, жан беріскен» чемпионат болғаны сөзсіз. Өйткені бұл жарыста Олимпиада ойындарына кімнің баратыны

шешілетін еді. Құдайдың қалауымен бұл жарыста да Дәulet жарқын жеңіске жетті. Жарқын дейтініміз Сеул Олимпиадасына берілетін жолдама қазақ балуанына бұйырды. Осы кезде Одақтың біріншілігінде топ жарып үлгерген Рудак, жастар арасындағы әлем чемпионы Палазник, әлемнің екі дүркін чемпионы атағы бар Кудрявцев сынды балуандар Тұрлыхановтың салмағында иық тірестіріп жүрген-тін. Осындай балуандарды бірінен соң бірін тізе бүктірген қазақ жігітіне сол тұста КСРО құрамасының бас бапкері Геннадий Сапуновтың көңілі кәдімгідей құлайды. Атақты бапкердің «Дәulet Тұрлыхановтың тұла бойы толып тұрған талант» дегені осы кезде айтылғантын.

1987 жылы әлем чемпионатында құрескен Дәulet бүкіл Скандинавияның батырына баланып келген, бірнеше дүркін әлем чемпионы фин балуаны Салумяэкимен шешуші белдесуге шығады. Финдер өздерінше қазақ баласын ұтатынына мың пайыз сенімді болып, алдын ала дастарқан жайып қойыпты, бірақ оған ешкім бармай мәзірі бұзылмай сол күйінде қалады. Өйткені Тұрлыханов фин балуанын екі минуттың ішінде тас-талқан етіп ұтады. Осы оқиғаны әлем газеттері жарыса жазған еді.

Қаншама күшті сарқып, жүйкені жұқартып, 15 республиканың ішінен іріктеліп қолға түсірген жалғыз жолдаманы ақтау бір жағынан өзіне үлкен жауапкершілік артқанын, екінші жағынан үлкен абырой болатынын Дәulet жүргімен сезінді. Сезінді де мықтап әзірленді. Сөйтіп, Сеулдің боз кілемінде финалға дейін қарсы келген балуанның бәрін тізе бүктірді. Қазақ баласының шеберлігі мен екпінін көрген құрес мамандарының көпшілігі Дәuletтің чемпион болатынына сенімді болғанын жасырмады. Бірақ, Олимпиада алтыны бір-ақ сәтте қолдан сузып кетті. Осыдан бір жыл бұрын өткен әлем чемпионатында атақты Салумяэки мен Ким Ен Намды бірінен соң бірін алғып ұрған Тұрлыхановқа бұл жолы корей балуанын жену бұйырмады. Төрткүл дүние көз тіккен бұл белдесуде жеңіс үпай санымен алаң иесіне берілді. Осы бір тарихи сәт белгілі спорт қаламгері Қыдырбек Рысбекұлының кітабында былайша сипатталады: «...Белдесудің үшінші минуты. Таразы басы тең еді. Кілемге тас кенеше жабысқан Ким Дәuletті тобықтан теуіп әлек. Классикалық құрестің ережесі бойынша төрттағандаған балуанның бұлай етуге қақысы жоқ. Төреші мұны көрсе де, көрмеген болып жүр. Ашуға мінген Дәulet Кимді аңы ішекше созғылап алғып, «көпірге» тұрған бойда аунатып түсірді. Сөйтіп бір үпай алды. Сол-ақ екен, бағанадан араның ұсынды гулеген сан мың жанкүйер сілтідей тына қалды. Дәulet тағы ұмтылды. Бірақ Ким уысынан шығып кетті. Қазақ балуаны сәл тізгін тартса ескерту алуы кәдік. Әршеленген Ким жамбасқа салмақ болды. Дәulet шегіне берді. Осыны күткендей, төреші Дәuletке «сылбыр жүрсің» дегенді ұқтырып өтті. Бұл жолы Ким Дәuletті бір аунатты – екі үпай. Таразы басы енді корей балуанына қарай ауды.

... Соңғы секундтарда Дәulet Кимнің аш беліне қол салған бойда бұрай лақтырды. Көрермен атаулы төрешінің қолына қадалды. Амал нешік, жапон төрешісі саусағын шошайтқан жоқ. Оның есесіне түк болмады дегендей алақанын жайды. Сол алақаннан бұлт үйірлгендей Дәuletтің көз алды

тұманданып кетті. Ким болса кілемді шөп-шөп сүйіп, секіре жөнелді. Сұмдық айқай-сүрен. Дәulet сен сокқандай мәңгіріп тұр».

Дегенмен, Ким Ен Нам да жігіт екен. Абыройы аспандап, мол байлыққа кенелген корей балуаны қоштаспауға дәті шыдамай, отбасымен бірге Дәuletті әуежайдан шығарып салады. Сонда Ким «Женіске сен лайық едің. Үкімет басшыларының «Қайтсең де чемпион боласың!» деген әмірін спорт мамандары іліп әкетті. «Дүниедегі күллі корейдің, президенттің тілегі – сенің үстінде» десе, қалай қызынбайсың. Арзандыққа бармаймын деп сонша қарсыластым. Саясаттың шырмауына бір түскен соң құтылмайды екенсің. Одан да күрескен женіл. Дәulet бұдан кейін кілемде кездеспейміз. Мен күресті қойдым. Саған пара-пар келетін балуан жоқ, Дәulet!» деп ағынан жарылған екен.

Олимпиада ойындарынан кейін атағы жер жарған балуан Иван Ярыгин де «Советский спорт» газетіне берген сұхбатында Дәuletтің Сеулдегі күресіне тәнті болып «Дәuletті классикалық және еркін күрестен Олимпиаданың даусыз чемпионы десек жарасады» дегені де Тұрлыхановтың талантты балуан екенін паш етпей ме?!

Сеулден кейін Дәulet біраз уақыт өз-өзіне келе алмай жүрді. Спортты қойсам деген ой да мазалады. Бірақ, тексті мінезі тағы боз кілемге тартты. Ашуын ақылға жендеріп, 1989 жылғы әлем чемпионатына барды. Швейцарияда өткен әлем біріншілігінде қарсы шыққан қарсыластарының бәрін қоғадай жапырып, алтын медаль иеленді. Келесі жылы екінші мэрте Әлем кубогының женімпазы атанды.

Дәulet Тұрлыханов 1992 жылғы Олимпиада ойындарына құйрекен КСРО мемлекеті атынан құрылған ТМД құрамасы сапында күресті. Даңқты балуанымыз Барселона ойындарында қола медальға қол созды. Содан кейін 1993 жылы Стокгольмде өткен әлем чемпионатында күміс жүлдемен күптелді.

Олимпиада ойындарынан кейін Қазақстан ұлттық құрамасының бас жаттықтырушысы бола жүріп, өзі де ел намысын қорғауға құш салды. 1994 жылы Хиросимода өткен XII Азия ойындарында Қазақстан ұлттық командасы тұңғыш рет дербес мемлекет ретінде қатысып еді. Сонда Дәulet байрақты бәсекенің салтанатты ашылу рәсімінде егемен еліміздің туын ұстап шықты. Ол тек қана туды көтеріп қана қоймай, Азиаданың алтын медалін жеңіп алды. Кейіннен екі рет қатарынан Азия чемпионы атанды. 1996 жылы Атланта ойындарында ел намысын қорғауға үлес қосты. Өзінен бұрын шәкірттеріне көңіл бөлген ол жүлдеге бір қадам жетпей қалып, төртінші орынға табан тіреді. Дәulet Тұрлыхановтың бапкерлік жолында да бағы жанғанын айтудың міндеттесін көрек. Ол баптаған бірнеше балуан Қазақстан командасының қоржынына Олимпиада және Азия ойындарының, әлем және Азия чемпионаттарының алтын, күміс және қола жүлделерін түсірді. Өзіне Қазақстанның және Қырғызстанның еңбек сінірген жаттықтырушысы атағы берілді.

## МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

Көпшілік үшін Дәulet Тұрлыханов есімі алдымен спортшы мағынасын ойға әкеледі. Ал оның мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлігіне мән бере қоймайды.

1994 жылы Дәulet Тұрлыханов Жоғарғы Кеңестің депутаты болып сайланады. Бұл әлі спорттан түбегейлі қол үзбеген кезі еді. Бір жағынан ұлттық құраманың бас бапкері болса, екіншіден, өзі де әлі күресетін. Сол кезеңді Дәулеттің өзі былайша еске алады: «Бұл кезде отыздан жаңа асқан, саясатқа маңыз бермейтін кезім болатын. Спорттан да түбегейлі қол үзе қоймағанмын. Парламент депутаты болып сайланғаннан кейін елдік, мемлекеттік тұрғыдағы істерге маңыз беріп, үзенгілес азаматтармен бірігіп жұмыс істеуге кірістім. Шерхан Мұртаза, Фариза Оңғарсынова, Серікболсын Эбділдин, Ұзақбай Қараманов, Қаратай Тұрысов секілді беделді, ұлтжанды аға-апаларыммен қоян-қолтық жұмыс істегенімді өзіме өмірлік мектеп санаймын. Ол кісілер «Ал чемпион-батырымыз шэй ішпейміз бе?! Саған тапсырма, мына мәселені сарапта, мына мәселені пысықта...» деп еркелетіп те қоятын.

Дәulet Тұрлыханов 1995-1999 жылдары бірінші шақырылымдағы Парламент Мәжілісінің депутаты болды. 2000-2004 жылдары жаңадан құрылған ҚР Туризм және спорт істері агенттігінің төрағасы болды. Содан кейінгі екі жылда ҚР Мәдениет, акпарат және спорт министрлігінің Спорт комитетін басқарды. Кейіннен «Самұрық-Қазына Астана» корпоративті қорының басшысы, «СемАЗ» компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы міндеттерін атқарды. Қоғамдық негізде Дүниежүзілік күрес федерациясының (ФИЛА) басшылығында қызмет істеді. Бұғаңға таңда Азия күрес түрлері федерациясының президенті болып жүр.

Жастайынан бүкіл өмірін күреске айналдырып келе жатқан Дәulet Тұрлыхановтың еңбегі мемлекет пен қоғамдық ұйымдар тарапынан жоғары бағаланды. Қай салада жүрсе де ел мен ұлттың муддесіне еткен еңбегі үшін «Құрмет», «Парасат» ордендерімен, екі мәрте «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Откен жылы Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың қолынан III дәрежелі «Барыс» орденін алса, биыл Астана қаласынан Мәжіліс депутаты болып сайланды. Сондай-ақ «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», «Қазақ спорт академиясының құрметті профессоры», «Ресей Федерациясы Спорт академиясының академигі», педагогика ғылымдарының кандидаты, «Абай және Жарма аудандарының Құрметті азаматы» деген атақтары да бар.

## **ЖҮРЕГІ ЖОМАРТ, НАМЫСЫ НАЙЗАҒАЙ**

Дәulet Тұрлыхановтың азаматтық келбеті мен қайырымдылығы жөнінде де айттар әңгіме бір төбе болады. Әр жылдарда кәсіпкер ретінде республика аумағында бірнеше кәсіпорынның құрылтайшысы болып, олардың жұмысын үйлестіре білді. Қайырымдылық және демеушілік іс-шараларды ұйымдастырады.

Мемлекет және қоғам қайраткері Дүйсенғазы Мусин айтқан мына бір ғана сөзді айтқым келеді. «Кезінде өзінің таланттын бағалап, үлкен спорттағы несібесін алуға ықпал еткен, Мәскеуде тұратын атақты бапкер Геннадий Сапунов жасы келіп, тұрмысы қындалап қалғанда Дәulet Тұрлыханов

ойланбастан қол ұшын созды. Кеңес одағы спортына өлшеусіз еңбек сінірген бапкерін Алматыға экеліп, баспана ұсынып, жағдайына қарайласты.

Жақында дүниеден озған аңыз бапкер қайтар алдында Дәuletке деген ризашылығын айтып тауыса алмай кетті» дейді экс-сенатор Тұрлыхановтың бір ісін мысалға алып. Бұл даңқты балуанның адамгершілігі мен жомарттығының бір ғана көрінісі екені сезсіз.

Боз кілемге шыққанда намысы найзағайдай жарқырайтын, дос десе ақжарқын кейіппен аңқылдайтын Дәulet Болатұлы бүгінде сүйген жары Гүлнармен бірге алтын асықтай ұлдарын, күміс қасықтай қыздарын өсіріп, олардан немере сүйіп жүрген бақытты ата-ана болып отыр.

Иә, әр ұлттың сүйкімді ұлдары болады. Ұлттына, мемлекетіне шынайы жүргегімен қызмет ететін ерлерін ел-жұртты да алақанына салып еркелетеді. Олай болса, сен де құрдасым, халқыңың Дәuletі болып жүре бергейсін...